



Баспасөз хабарламасы

Банк ВТБ (Қазақстан) 2019 жыл үшін дивидендтер төлемейді.

3 маусым 2020 жыл

Банк ВТБ (Қазақстан) жалғыз акционері – Банк ВТБ (ЖАҚ) қазақстандық еншілес компаниясының 2019 жылғы таза табысын бөлмеу туралы шешім қабылдады. Тәуелсіз аудитор – Ernst & Young компаниясының қорытындысы бойынша Банк ВТБ (Қазақстан) 2019 жылғы таза табысы 4,6 млрд теңгені құрады, бұл өткен жылдың нәтижесінен 10%-ға артық. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы деректермен салыстырғанда банк активтері 19%-ға артып, 209 млрд теңгені құрады, капитал 2,2%-ға артты, ол 21,4 млрд теңгені құрады.

- ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттіктің жалпы әлемдік үрдістері мен нұсқаулықтарына сәйкес Банк ВТБ (Қазақстан) акционері таза пайданы бөлмеу және 2019 жылға дивиденд төлемей туралы шешім қабылдады. Бұл қосымша беріктік қоры банкке ел экономикасын Кредиттеу қарқынын арттыруға көмектеседі, – деп атап өтті **Банк ВТБ (Қазақстан) Басқармасының Төрағасы Дмитрий Забелло**.

2019 жылдың қорытындысы бойынша аудиттелген есептілік деректеріне сәйкес банктің депозиттік қоржынының көлемі 28%-ға артып, 123,5 млрд теңгені құрады. Кредиттік портфель 122,9 млрд теңгеге дейін 25,6%-ға өсті.

S&P Global Ratings халықаралық рейтинг агенттігінің нұсқасы бойынша Банк ВТБ (Қазақстан) ел банктері арасында ең жоғары кредиттік рейтингтердің бірі: ұзақ мерзімді «BB+» деңгейінде, қысқа мерзімді – «B» деңгейінде. Рейтингтің өзгеру болжамы – «тұрақты».

Анықтама:

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ – ВТБ халықаралық қаржы тобына кіреді. Бүгінгі таңда Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан 17 филиалдан тұратын филиалдық желісі бар. Банктің Орталық кеңсесі Алматы қаласында орналасқан. 2020 жылғы 3 ақпандағы №1.2.14/39 ҚР Ұлттық Банкінің лицензиясы.

Қосымша ақпарат алу үшін Сіз әр кезде баспасөз қызметіне түсінік алу үшін хабарласа аласыз:

Арина Пирогова

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ

Тел: 8 (727) 330 59 20 ішкі 59 20

e-mail: A.Pirogova@vtb-bank.kz

web: www.vtb-bank.kz